



ӨКПЕ ОЫРЫ ӨРШМЕСІН

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



БИЛЕТ ТАПШЫ, ВАГОН ЖАЙСЫЗ

6-БЕТ | САРАПТАМА



ПАРИЖ-2024: ҚАРҚЫН ҚАЛАЙ?

8-БЕТ | СПОРТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Түрлі сын-қатерге қарамастан, біз стратегиялық мақсат-міндеттерімізден айнымаймыз. Аз уақыт ішінде жүйелі саяси реформалар жасадық, экономиканы жаңғыртатын және қоғамдық этиканы жаңартатын ауқымды шараларды қолға алдық. Саяси өзгерістер азаматтық қоғамның дамуына әлден-ақ тың серпін беріп үлгерді. Отандастарымыздың мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі едәуір артты.

№93
(4681)
Сейсенбі
6 тамыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАЗАЛЫҚҚА ЖАСТАЙЫҢНАН ҮЛЕС ҚОС!

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы үздіксіз жүргізіліп келеді. Қалада тазалық жұмыстары күн сайын өткізілетін болды. Астана шын мәнінде тазалық пен тәртіптің үлгісіне айналып отыр.




ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ұлттық тестілеу орталығының әлеуметтік желілерінде 2024-2025 оқу жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды.

Гранттарды тағайындау конкурсына қатысу үшін 104 мыңнан астам талапкер құжат тапсырды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға артық.

Мемлекеттік гранттар республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тағайындалды. Бір гранттық орынға ең үлкен конкурс 35 талапкер бір орынға таласқан «Стоматология» мамандығына болды. Әрі қарай «Халықаралық қатынастар және дипломатия» (11 адам), «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» (10 адам), «Аударма ісі» және «Психология» (9 адам) болды.

Грантқа үміткерлер арасында балдар теңдігі жағдайында басым құқыққа ие болатын 22 мыңнан астам талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар.



ВИРТУАЛДЫ КАРТА ЕНГІЗІЛЕДІ

Елордада оқушылар мен жеңілдігі бар азаматтар үшін виртуалды жол жүру карталары енгізіледі.

Валидацияны телефонның көмегімен QR кодты сканерлеу, валидаторға тигізу және басқа да ыңғайлы тәсілдер арқылы жүзеге асыруға болады. Осылайша көлік карталарын алып жүрудің қажеті болмайды.

Виртуалды картаны шығару және рәсімдеу онлайн жүзеге асырылады, оны рәсімдеу үшін пайдаланушыларға арнайы кассаға барудың қажеті жоқ.

Виртуалды карталарды рәсімдеу және пайдалану

тәртібі, сондай-ақ жобаны іске қосу мерзімі туралы толық ақпарат жақын арада СТС компаниясының ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.



КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫН ҚАЙДАН КӨРЕМІЗ?

8-13 қыркүйек аралығында елордада 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бүгінгі таңда дүбірлі додаға қызу дайындық жүріп жатыр.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Астана қаласындағы 6 нысанда өтетін болады. Атап айтқанда, «Астана-Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Үшкөпиров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешені, «Думан» кешені.

Байрақты бәсекенің салтанатты ашылу рәсімі «Астана Арена» стадионында өтеді. Бүгінгі таңда көрермендер үшін билет сатылымы басталды.

Астанадағы жарыстарға 89 елден 2000-ға жуық спортшы қатысады. Ойындар спорт, мәдениет және ғылым бағыттары бойынша өтеді.





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёеваны қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілетуге қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Өзбекстанның одақтастық әрі стратегиялық сипаттағы қарым-қатынасын атап өтіп, жоғары деңгейдегі

саяси диалогтың тиімділігін арттыра түсу үшін екі ел президенттерінің әкімшіліктері арасындағы тығыз байланысты жолға қою маңызды екеніне назар аударды.

Кездесуде ақпараттық-идеологиялық, мәдени-гуманитарлық, білім беру және жастар саясаты салаларындағы

өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту мәселесіне айрықша мән берілді.

Президент Астанада халықаралық «Заковат» интеллектуалдық ойынының өткізілуіне қолдау білдіріп, мұндай іс-шаралар халықтың арасын жақындата түсетінін атап өтті.

ҰЛТТЫҚ ҚОР ЕЛ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Қор басшысы Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі қорытындысы және алдағы жұмыстарының жоспарын таныстырды.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, басты өндірістік көрсеткіштер жоспарға сәйкес атқарылып отыр. Қордың кірісі 7,9 триллион теңгені құрады. Бұл белгіленген жоспардан 7 пайызға артық.

Қор тікелей шетелдік инвестицияның катализаторына

айналды. Сонымен қатар мұнай-газ химиясы, энергетика, көлік және логистика, машина жасау, цифрландыру салаларындағы жобаларға шетелдік серіктестермен бірлесіп инвестиция құяды.

Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 53,5 триллион теңге болатын 130-дан астам жоба бар екені баяндалды. Мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, логистика салаларында және тау-кен өнеркәсібінде жүзеге

асырылатын жобалар ел экономикасына мультипликативті әсер етеді деп күтілуде.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қордың бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясындағы қайырымдылық жобалары туралы мәлімет берілді. Елімізде 40 оңалту орталығы ашылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ Қор жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде нақты тапсырма берді.



ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАҒЫ ІРГЕЛІ ІСТЕР

Жаңа әлеуметтік төлемдерді енгізу, жұмыспен қамтуды белсенді түрде қолдау және қызметкерлер құқығын нығайту Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі бағыттарына айналды. Әлеуметтік бағдарламаларды басқару мен бақылауда инновациялық тәсілдерді жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУЫ МАҢЫЗДЫ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мемлекеттің халық алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етті.

Биылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақы мен барлық мемлекеттік жәрдемақылар инфляция деңгейіне индекстелді, ал ортақ зейнетақы инфляция деңгейінен 2 пайызға жоғарылады. Қазақстандық жас буын арасында болашақ зейнетақының барабар деңгейін қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілер тарапынан міндетті зейнетақы жарналарын кезең-кезеңімен енгізу басталды.

Зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт бойы жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мақсатында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы әлеуметтік төлем енгізілген болатын. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын 1 млн-нан астам жұмыс істейтін азамат мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 5 әлеуметтік төлем бойынша 453 млрд теңге көлемінде төлемдер алды.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен базалық және ортақ зейнетақыны қоса алғанда, әлеуметтік төлемдердің 42 түрі төленеді. Биылғы 6 айда 4,3 млн адамға: оның ішінде 2,4 млн зейнеткер мен 1,9 млн мемлекеттік жәрдемақы алушыға зейнетақы және жәрдемақы төлеуге 2,6 трлн теңге бөлінді. 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған 67 мың отбасының 355 мыңнан астам адамына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

315 мыңнан астам қазақстандық жұмыспен қамтуды белсенді қолдау шараларымен қамтылған. 231 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылса, оның 98 мыңға жуығы тұрақты жұмыс орнына ие болды. Еңбек нарығында суранысқа ие дағдылар бойынша 36 мыңнан астам жұмыссыз азамат онлайн білім алса, оның 33 мыңға жуығы оқуын аяқтады. «Бастау Бизнес» жобасы аясында 38 мыңнан астам адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, 24 мыңнан астамы оқуын аяқтап, сертификаттар алды. 110 мыңнан астам қазақстандық қызмет саласын таңдау бойынша әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтті. Сонымен қатар жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын азаматтарға 400 АЕК мөлшерінде 4

мыңнан астам грант берілді.

Министрлік 2029 жылға дейінгі еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Өңірлер мен салалардағы сапалы жұмыс орындарын бақылау жүйесі әзірленіп, қолданылуда. Республикада сапалы жұмыс орындарының саны 2,3 млн-ға жетті, оның ішінде 200 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

ЗАҢ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ БОЛСЫН

Жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары 28,7 мыңнан астам қызметкердің құқығын қорғады. Атап айтқанда, 9,5 мың қызметкерге 2 млрд теңгеден астам сомаға жалақы бойынша берешек төленді. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде 19 мыңнан астам қызметкердің еңбек құқығы қорғалды.

Платформалық жұмыспен қамтуды регламенттейтін және аталған салада жұмыс істейтін қазақстандықтардың еңбек құқығы мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғауды қамтамасыз ететін заңнамаға түзетулер қабылданды. Мемлекет басшысы мемлекеттік еңбек инспекциясын жергілікті атқарушы органдардан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

қарамағына беруді көздейтін заңға қол қойды.

Осыған байланысты Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері ашылды, өңірлердегі инспекторлар саны артады. Бұл еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды күшейтуге, қызметкерлердің құқығы мен мүддесін қорғауға, еліміздің кәсіпорындарындағы қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек дауы мен жанжалдың туындау қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы белсенді түрде іске асырылуда. Кәсіпорындардың цифрлық картасы жасалды, ол нақты уақыт режимінде еңбек жағдайларын бақылауға мүмкіндік береді. Болашақта барлық бизнес-процестер: жұмыс орнын бағалау, жеке қорғаныс құралдарын және басқа кепілдіктер ұсыну, барлық деңгейде еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру автоматтандырылады.

Көші-қон саясатының 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде басқа елдерде жұмыс істеуге ниет білдірген қазақстандықтар үшін жүйелі түрде оқу орталықтары ашылып келеді. Министрлік шетелдегі азаматтарымыздың еңбек құқықтарын қорғау мақсатында бірқатар мемлекеттермен екіжақты келісімдерді пысықтады. 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін 8,8 мыңға жуық этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру аясында жұмыс күші артық өңірлерден 4,8 мыңнан астам адам еңбек тапшылығы бар өңірлерге өз еркімен қоныс аударды. Қоныс аударушылардың барлығына мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді.

Мүгедектер тобын белгілеу бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы арқылы пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде еліміздің барлық өңірлерінен 45,5 мыңнан астам өтінім қаралды.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті заңнамалық тұрғыдан бекітілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярды қабылдады. Президентке индустриялық жобаларды жүзеге асыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берді.

ӨНДІРІС – ДАМУДЫҢ ДІҢГЕГІ

Роман Склярдың айтуынша, бірінші жартыжылдықта өңдеу өнеркәсібі 105,1 пайызға, машина жасау саласы 9,4 пайызға, ал тау-кен және металлургия кешені 8,3 пайызға өскен.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына мұнай және газ құбырларын салумен, газ өңдеу зауыттары мен мұнай химиясы өндірісін іске қосумен байланысты жобалардың орындалу барысы таныстырылды. Жыл басынан бері 44,7 миллион тонна мұнай мен газ конденсаты, сондай-ақ 30 миллиард текше метр газ өндірілген. Осы жылдың соңына дейін 128 елді мекенге газ құбыры жүргізіліп, көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейі 61,8 пайызға жетеді.

Бұдан бөлек, көлік және энергетика салаларындағы жаңа инфрақұрылымдық жобалар жөнінде баяндалды.

Роман Скляр Президентке жылыту маусымына дайындық барысы жөнінде мәлімет берді. Қазіргі кезде 309 шақырым жылу желісін реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған шамамен 154 миллиард теңге жұмсалады. Сонымен қатар биыл жалпы сомасы 327 миллиард теңгеге 10 энергия блогын, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Инвестиция тарту жөніндегі кеңестің қызметі, атап айтқанда, шетелдік серіктестермен бірге іске асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалар жөнінде айтылды. Олардың бірқатарына қатысты уағдаластыққа Мемлекет басшысының шетелдерге сапары кезінде қол жеткізілген.

Кеңес қызметін қайта құрылымдаған сәттен бастап жалпы сомасы 40 миллиард долларға жуық 77 инвестициялық жобаның түйткілді мәселелері шешімін тапты. Бұл ретте машина жасау, тамақ және химия өнеркәсібі, тау-кен, металлургия кешені, энергетика, жер қойнауын пайдалану салаларындағы қосылған құны жоғары жобаларға айрықша мән беріліп отыр.

Президент қабылданып жатқан шаралардың маңызды екеніне назар аударып, аталған бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жалғастыруды тапсырды.





МӘДЕНИЕТТІҢ МӘСКЕУДЕГІ САЛТАНАТЫ

Астана қаласының Мәскеудегі мәдениет күндері аясында бірқатар ресми кездесулер өтіп, түрлі салалардағы өзара ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Елорда мәдениетінің Мәскеудегі үш күн бойғы салтанаты гала-концертпен түйінделді.

Мәскеу қалалық Думасының төрағасы Алексей Шапошниковпен жүздесуде Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Қазақстанның жас астанасының тарихы тәуелсіз елдің жаңа тарихынан ажырағысыз екенін айта келе, осы жылдар ішінде еліміздің барлық өңірлерінен жүздеген мың қазақстандық елордамызды салуға және жаңғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті. Астана мәслихатының құрылымы, оның мақсаттары мен міндеттері, елорданың қалай дамып жатқаны туралы айты.

Кездесуде қос тарап көлік, коммуналдық шаруашылық, медицина, реновация, әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы озық шешімдермен тәжірибе алмасуды жүзеге асыруға келісті.

– Астана мен Мәскеу арасында жақсы ынтымақтастық тәжірибесі қалыптасты. Біз қала құрылысы, мәдени мұраны сақтау, креативті индустрияны дамыту саласында өзара іс-қимыл жасаймыз, – деді Ерлан Каналимов.

Астана мәслихатының төрағасы мәскеулік әріптестерді Астанаға келуге шақырды және осы сапарлар аясында алдағы 5 жылға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын жасауды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға келісті.



Шығармашылық индустрияны дамытуға арналған дөңгелек үстел отырысында Астана мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланы ауқымды дамыту үшін барлық жағдай жасауды тапсырғанын атап өтті. Мәскеу Үкіметінің министрі Сергей Черемин қатысқан жиында Ресей астанасы осы салада көш бастап тұрғаны, Астананың Мәскеуден бұл тарапта үйренері бары айтылды.

– Астана – елорда ретінде бүгінде осы саланы дамыту бойынша елдегі көшбасшылардың бірі. Шығармашылық индустрия инфрақұрылымының тізбесіне концерттік қызметті дамыту, көрмелер өткізу, мұражай және театр қызметі, сондай-ақ цирк өнері және IT дамыту салаларындағы 26 объект кіреді, – деді Астана мәслихатының төрағасы.

Мәскеу Халықаралық музыка үйінің сахнасында өткен гала-концертте Қазақстанның Халық әртістері Роза Рымбаева, Нұржамал Үсенбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сүндет Байғожин, Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі мен камералық хоры, «Туған» этно-фольклорлық ансамблі, «Тетта» би театры, халықаралық байқаулардың лауреаттары

Ержан Тоқсабанов, Райымбек Тарихов, Мейрам Айтмағамбетов, Михаил Кандауров, Назым Сағынтай өнер көрсетті. Балет әртістері Бақтияр Адамжан және Әйгерім Бекетаева, «Үлкен опера-2023» тележобасының жеңімпазы Дінмұхамед Көшкінбаев, «Новая волна-2014» балалар байқауының жүлдегері Мұхамедәлі Жүгінісов және «Junior Eurovision-2020» халықаралық байқауының жүлдегері Қарақат Башанова, виртуоз-пианист Темірлан Бейсенбай өнерлерімен мәскеуліктерді тәнті етті.

Астана қаласының делегациясы Мәскеу қаласына ресми сапар аясында халқымыздың біртуар перзенттері, ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек еткен Әлихан Бөкейхан мен Жүсіпбек Аймауытов басына барып, зиярат етті.

– XX ғасыр басында Әлихан ағамыз бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті. Ол ағарту ісінен бастап ел, ұлт тағдырына қатысты мәселелердің бәрімен айналысты. Талантты шығармалар қалыптастырды, тарих пен этнология саласында айтулы туындыларын жазды, қазақ ұлттық баспасөзінің дәстүрін түзді, әдебиет саласында елеулі із қалдырды. Жүсіпбек Аймауытов – шын мәнінде, қазаққа берілген, ұлы үшін жанын қиған, уақыт өткен сайын биіктей түсетін біртуар тұлға. Жүсіпбек ағамыз – көрнекті жазушы ғана емес, сол еңбектерімен халық азаттығын мұндаған, елінің ертеңі ойлап еңірген, ұлтының болашағын ойлап еміренген азамат. Алаш ұстанымы – ұлт мұраты. Қазақтың маңдайына біткен арда азаматтардың ерлігін ардақтап, жастардың бойына сіңіру – азамат ретінде міндетіміз деп санаймын, – деді Ерлан Ермеқұлы.

Астана қаласы мәслихаты депутаттарынан құралған делегация Санкт-Петербург қаласына ресми сапармен барды.

ЗАМАНАУИ МЕДИАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Кеше Астана қаласының Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Елдесу және татуласу» жобасы аясында «Заманауи медиацияның халықаралық тәжірибесі» атты халықаралық конференция өтті.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасында қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге медиация институтын дамыту, этносаралық қатынастар саласындағы медиацияның отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу, Қазақстан халқы Ассамблеясы шеңберіндегі медиация тәжірибесін жетілдіру.

Конференцияға қатысушылар әлемнің түрлі елдерінде қолданылатын жанжалдарды шешудің жаңа әдістері мен

тәсілдері туралы сөз қозғап, оларды тәжірибе жүзінде іске асырудың тетіктерімен танысты. Сондай-ақ медиаторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері де кеңінен талқыланды.

Конференцияға қатысқан Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов күшіміз бірлікте екенін атап өтті.

– Барлық кезеңде де бірліктің арқасында халқымыз ең күрделі сынақтарды еңсерді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында этномедиация этносаралық саланы нығайтатын маңызды тетік екенін атап өтті, – деді Нұрдәулет Әлмұханов.

Жиында Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық Медиация кеңесінің төрағасы Шерзод Пулатов, Ассамблея хатшылығы секторының меңгерушісі Қайрат Баймолдин, Азиялық даму банкінің медиаторы Фидана Алиева медиацияның маңызына тоқталды.



АСПАН ТЕКТІ АСЫЛ ЕР

Астанада Талғат Бигелдиновтің ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. 1922 жылдың 5 тамызында Қорғалжын ауданы Майбалық ауылында туған Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері, авиация генерал-майоры болған ол тірі болғанда биыл 102 жасқа толар еді.

Атақты шабуылшы ұшқыш Талғат Жақыпбекұлын еске ала сөйлеген қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов оның ерен ерлігі туралы сөз қозғап, батырдың рухына тағзым ету бәріміздің ортақ борышымыз екенін атап өтті.

– Біз Т.Бигелдиновпен мақтанамыз. Оны еске алған сайын бойымызды отты рух билейді. Өйткені ол – осы жерде туып, әрі хас батырға лайықты өліммен өлген асыл ер. Ол ИЛ-2 шабуылдаушы ұшағында 305 рет ұшып, 5

неміс истребителін нокаутқа түсірді. Сонымен қатар ол Берлиндегі шайқаста көрсеткен ерлігі үшін екінші Алтын жұлдызды алып, Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет лайық деп танылды. Сондай-ақ ол соғыста ғана қан төгіп қойған жоқ. Елі үшін, жері үшін деп төккен тұлға. Мысалы, ол Азаматтық авиация саласында еңбек ете жүріп, қаламызда әуежайларды, оның ішінде ұшу-қону жолағын салды. Міне, осындай орасан еңбегімен, көзсіз батырлығымен есте қалған

оның есімі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Біздің міндет – осы естелікті балаларымыз бен немерелерімізге аманат ету, – деді С.Есілов.

Айта кету керек, Талғат Бигелдиновті жас шабуылшы ұшқыш ретінде бейнелеген ескерткіш 2021 жылы Сарыарқа даңғылы мен Бигелдинов көшесінің қиылысында бой көтерген болатын. Қола мен граниттен жасалған бұл мүсін батырдың асқақ рухын аспандатып, көрген жанның бойына қаһармандық сәулесін шашып жарқырап тұр.



ЖАҢА САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ АШЫЛАДЫ

Елорданың сайлау учаскелері тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында бұл тізіммен қала әкімі аппараты басшысының орынбасары Жанасыл Шәукентаев таныстырды. Кеңес мүшелері тиісті тізімді бірауыздан бекітті.

Баяндамашының айтуынша, қалада қазір 459 сайлау учаскесі бар. Олардың кейбірінде сайлаушылар саны 3 мыңнан асатындықтан жаңа

5 учаске құрып, 44 учаскенің шекараларын өзгерту жоспарланған. Атап айтқанда, Алматы ауданында 2 сайлау учаскесі, Есіл ауданында 2

сайлау учаскесі және Нұра ауданында 1 сайлау учаскесі ашылмақ. Ал Сарыарқа ауданындағы 6 сайлау учаскесінің шекаралары өзгертілмек.

Астана қаласы тұрғындарының назарына!

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі 2024 жылы 14 тамызында сағат 11.00-де қалалық әкімдігінің кинозалында (Бейбітшілік көшесі, 11) «Елордада «МӘМС қорының меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдарды қаржыландыру. Проблемалар мен шешу жолдары. Қала халқын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырумен қамту, проблемалар мен шешу жолдары» мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Аталған мәселе бойынша сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Қоғамдық

кеңеске astana_sovet@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша немесе 55-72-79 телефон бойынша жіберулеріңізді сұраймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарын және қоғамдық тыңдауға қатысуға ниет білдірген азаматтарды тіркеу ағымдағы жылдың 12 тамыз күні сағат 17.00-ге дейін 55-72-79 телефон бойынша жүргізіледі.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы
З.ҒАЙЫПОВ

№93 (4681) 06/08/2024 Сейсенбі

Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылып отырған бұл акцияның басты мақсаты – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту және тазалықты сақтау. Әрі саябақтағы ағаштарға су құйып, экологиялық ортаны абаттандыру.

Аталған акцияға «Жасыл ел» жобасы жастары және қала жастары болып, жалпы 100-ден астам адам қатысты.

– Бүгін қала аумағындағы ең үлкен саябақтардың бірін тазалауға атсалысқалы келіп тұрмын. Бұл мен үшін бір жағынан жұмыс болса, екінші жағынан, өз қаламызды тазартуға деген оң қадам деп есептеймін. Қаладағы тазалық мәдениетін сақтау – әр адамның өзінен басталады. Әркім өзінің қолындағы қоқысын арнайы қоқыс жәшіктеріне тастаса, экологиялық ортамыздың ластанбауына қосқан үлесі болмақ. Сондықтан да өзім сияқты жастарды тазалық сақтауға, өзі тұрған аумағын күл-қоқыстан тазартып тұруға үндегім келеді. Өйткені қала да, дала да, табиғат та, ауа да барлық адамға ортақ қазына, – дейді акция қатысушысы Айсұлтан Қосманов.



ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚҚА АТСАЛЫСТЫ

Астана қаласы Президенттік саябақ «Амфитеатр» аумағында Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Таза сенбі» экологиялық акциясы өтті.



– Экоакция «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» жобасы аясында өтіп, халықаралық жастар күніне орайластырылған. «Жастармен бірге!» онкүндігі аясында елордада бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, зияткерлік ойындар, ақпараттық рейд және басқа да іс-шаралар өтуде, – деді Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Бағдат Атымтай.

«Жасыл ел» жобасының қатысушысы Ботагөз Үсіпбектің айтуынша, экоакция аясында жастар Президент саясатының аумағында тазалық жүргізді.

– Елорда жастары «Таза Қазақстан» экоакциясына белсенді қатысуда. Біздің балалар қаланы таза және тәртіпте ұстау керектігін жақсы біледі, – деді Ботагөз Үсіпбек.

Астанада «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы жалғасуда.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық көріздерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізілуде.

Еске салайық, биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XX еңбек маусымы басталғалы бері жоба аясында елорда бойынша 4200-ден астам 14 пен 35 жас аралығында жастар жұмыспен қамтамасыз етіліп, олар қаламыздың құрылыс нысандарына, қала маңындағы «жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандарды, жалпы білім беретін мекемелер аумағында, қала саябақтарына, көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр.

САРЫБҰЛАҚ ӨЗЕНІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ

Астанада қанатқақты режимде «Сарыбұлақ ағынын биологиялық ремедиациялау немесе оңалту» жобасы жүзеге асырылды.

Жоба Сарыбұлақ ағынының экожүйесін қалпына келтіруге және биологиялық мелиорация әдісімен антропогендік жүктемені азайтуға бағытталған. Су қоймасының жоғарғы бөлігінде орналасқан учаскенің ауданы 30 гектарды құрады.

– Бұл әдіс қосытқыш қондырғыда өсірілген бір жасушалы жасыл балдырлардың «хлорелла» штамдарын қолдануды қамтиды. Жыл сайын жазда әсіресе Сарыбұлақ өзенінде көк-жасыл балдырлардың қарқынды көбеюі байқалады, бұл судың ластануына, жағымсыз иіске әкеліп соғады және қолайсыз экологиялық жағдайға әкеледі, – деді Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының су объектілері мен қалдықтары бөлімінің басшысы

Айдар Рашид.

Оның айтуынша, балдырлар (цианобактериялар) жағымсыз иіс пен улы заттарды – цианотоксиндерді шығарады, судың сапасын төмендетеді және балықтың қырылуына әкеледі.

– Бұл мәселені шешу үшін фитопланктондық қауымдастықты құрылымдық қайта құрудан тұратын биологиялық тәсіл ұсынылады. Жасыл балдырлар антагонист екені белгілі. Сондықтан су қоймасында жасыл балдырлардың басым болуы жол бермейді, бұл резервуарды ластанудан қорғайды, – деді ол.

Айдар Рашид судың көк-жасыл түске өзгеруіне жол бермеудегі жасыл балдырлардың ролін арттыру үшін тоғанға *Chlorella Vulgaris* арнайы штамының жасыл бал-

дырлары енгізілетінін түсіндірді. Планктондық қасиеттерімен бұл штамм *Aphanizomenon*, *Anabaena*, *Oscillatoria* және *Microcystis* тұқымдас көк-жасыл балдырлардың өсуі мен дамуын тежейді, нитраттардың, фосфаттардың құрамын едәуір азайтады, оттегінің деңгейін жоғарылатады және су қоймасында өзін-өзі тазартудың табиғи механизмдерін іске қосады.

Жобаны іске асыруға Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы, Экология департаменті, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы, «Қазсушар» РМҚ, «Бұқтырма уылдырық шашу-өсу шаруашылығы» ЖШС өкілдері, ЖОО студенттері мен экоактивистер қатысты.



САУДА ОРЫНДАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Осы жылдың наурыз айынан бастап Астананың барлық бес ауданында вейп пен насыбайдың заңсыз таралуы мен қолданылуын анықтау бойынша жүйелі негізде рейдтер жүргізілуде. Бұл уақыт ішінде қала бойынша мыңдаған сауда орны тексеріліп, жүздеген бұзушылық анықталды.

Сарыарқа ауданы бойынша жыл басынан бері вейп пен насыбайды заңсыз сатудың 70 фактісі анықталып, сауда орындарына 3 645 850 теңге айыппұл салынды. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп, төрт қылмыстық іс қозғалды.

Кезекті рейд кезінде Есіл ауданында шегілмейтін темекі өнімдерін, вейптерді сатудың 15-ке жуық фактісі анықталды. Олар заңсыз сауда жасағаны үшін жауапқа тартылды.

Байқоңыр ауданы бойынша іс-шаралар барысында Ж.Омаров, А.Иманов, Кенесары, А.Янушкевич, Ш.Уәлиханов, А.Сембинов, Отырар, М.Лермонтов, Алаш тасжолы, Сырдария, С.Сейфуллин, А.Жангелдин, Тараз, Ж.Досмұхамедұлы, Жетіген, Ақжол, Т.Хусейн, А.Кравцов, А.Бараев көшелерінде орналасқан 262 кәсіпкерлік нысан бойынша темекі шекпейтін темекі өнімдерін заңсыз сату тұрғысынан профилактикалық түсіндіру жүргізілді.

Рейд нәтижесінде 9 сауда нүктесіне 25 АЕК айыппұл салынды, сонымен қатар 5 заңсыз сақтау орны табылды, онда шамамен 4 тонна насыбай тәркіленді.



Жыл басынан бастап 15 маусымға дейін Нұра ауданы бойынша вейп пен снюстің заңсыз саудасының 8 фактісі анықталды. Бұзушыларға 369 200 теңге айыппұл салынды.

Алматы ауданында рейдтер барысында 200-ден астам нысан тексерілді.

Полицейлер 64 заңбұзушылықты анықтады, оның ішінде шегілмейтін темекі өнімдерін сатудың 42 фактісі (насыбай). Барлық фактілер бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 196-бабы бойынша 25 АЕК мөлшерінде айыппұл түрінде өкімшілік жаза қолданылып, өкімшілік хаттама жасалды. Тәркіленген темекі өнімдері жойылды.

Іс-шаралар барысында шағын және орта бизнес иелерімен шегілмейтін темекі өнімдерін сатуға жол бермеу туралы профилактикалық түсіндіру жүргізіледі. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

ӨКПЕ ОБЫРЫ ӨРШІМЕСІН

Тамыз айының басында Қазақстан дүниежүзілік өкпе обырына қарсы күрес күнін атап өтті. Елімізде бұл ауру жыл сайын 4 мыңға жуық адамнан анықталды екен.



Өкпе обыры әлемде және Қазақстанда онкологиялық аурулардың арасында өлім көрсеткіші бойынша көш бастап тұр. Халықаралық онкологиялық зерттеулер агенттігінің мәліметі бойынша, әлемде жыл сайын шамамен 2,3 миллион адамға осындай диагноз қойылады, әр 18 секунд сайын бір адам өкпе обырынан қайтыс болады.

Өлімнің жоғары болуының негізгі себебі – өкпе обырының кеш анықталуы, науқастардың 70%-нан астамында ауру асқынған сатысында анықталады. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, өкпе обырынан сырқаттану мен өлім деңгейінің жоғары көрсеткіші Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары және Алматы қаласында байқалады. Аталмыш өңірлердегі көрсеткіш ел бойынша орташа көрсеткіштен екі есеге көп.

ТЕМЕКІ ТАРТУ – ҚАУІПТІ

Өкпе обырының негізгі қауіп факторы темекі шегу, оның ішінде пассивті (барлық жағдайлардың шамамен 80%). Басқа факторларға кәсіби қауіптер (асбест, радон, мышьяк және басқа химиялық заттармен байланыста жұмыс істеу), сондай-ақ ауаның ластануы және өкпенің бұрынғы созылмалы аурулары жатады.

Өкпе обырының негізгі белгілеріне кеудедегі жайсыздықпен ауырсыну, тұрақты жөтел, тыныс алудың қиындауы, енгіту, қан элементтері бар қақырық, түкіру жатады. Егер жоғарыда аталған белгілер пайда болса, консультация алу керек немесе қосымша тексеру үшін дереу дәрігермен кеңесу керек.

ЕРТЕ ЕМДЕЛУГЕ МҮМКІНДІК БАР

Қазақстанда өкпе патологиясын ерте диагностикалау үшін КТ, МРТ, ПЭТ-КТ секілді компьютерлік томографиялармен қатар, ісік жасушаларының метаболиттік белсенділігін, процестің таралуын анықтау үшін аспаптық зерттеулердің барлық түрлері қолжетімді. Халықаралық стандарттарға сәйкес, өкпе обырымен ауыратын пациенттердің басым көпшілігі кешенді емдеуден өтеді, оған хирургиялық операциялар, сәулелік және дәрілік терапия, соның ішінде химиялық, иммундық, таргеттік терапия кіреді.

Біздің елімізде өкпе обырына арналған жоғары технологиялық операциялардың барлық түрлері, атап айтқанда реконструктивті, бронхоангиопластикалық операциялар, торакоскопиялық лобэктомиалар, лимфодиссекциясы бар сегментэктомиалар жүргізіледі.

Торакоскопиялық хирургияның дамуының өзектілігін ерекше атап өткен жөн, мұндай операциялар аз инвазивті, сондықтан операциядан кейінгі кезеңде ауырсыну синдромының айтарлықтай төмендеуіне, ерте қалпына келтіруге ықпал етеді, осылайша пациенттердің өмір сүру сапасын едәуір жақсартады. Кейбір пациенттерге, әсіресе ісіктердің операция жасалмайтын түрімен ауыратын пациенттерге сәулелік терапия

курстары көрсетілген, еліміздің онкологиялық орталықтары осындай пациенттерді емдеуге, соның ішінде томотерапия жүргізуге арналған заманауи аппараттармен жабдықталған.

ЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

2018 жылдан бастап өкпе обыры бар пациенттерге драйверлік мутацияларды және PD-L1 экспрессиясын анықтау үшін молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізіледі. Олардың нәтижелері бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде таргеттік және иммундық препараттарды қоса алғанда, дербестендірілген емдеу тағайындалады.

Өткен жылы өкпе обыры бар 1400-ге жуық пациентке генетикалық зерттеулер жүргізілді, EGFR мутацияларының анықталуы – 19,9%, ALK – 8%, 49%-да әртүрлі дәрежедегі PD-L1 экспрессиясы анықталды. Драйверлік мутациялары бар өкпенің ұсақ жасушалы емес обыры бар пациенттерге арналған осы топтағы дәрі-дәрмектер ісік жасушаларындағы патологиялық процестерді таңдамалы түрде блоктады.

Таргеттік препараттардың көпшілігін пациенттер амбулаториялық режимде алады, бұл өз кезегінде оларға толыққанды өмір сүруге, жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жалпы, өкпе обырының профилактикасы үшін зиянды әдеттерден, ең алдымен темекі шегуден бас тарту керек. Темекіні тастау арқылы аурудың даму қаупін азайту ешқашан кеш емес. Сонымен қатар, аурудың созылмалы түрге өтуіне жол бермеу үшін бронх ауруларымен уақытылы емделу керек.

Әсел Байсейітова атындағы қайырымдылық қоры және «Ерекше мерекелер» қоғамдық қорының қолдауымен Астана қаласының №11 қалалық емханасында сүйек кемігінің донорлығына арналған таныстыру дәрісі өтті.

СҮЙЕК КЕМІГІ ДОНОРЫ БОЛУ – ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛАУ

Қазақстанда жыл сайын 300-ге жуық адам сүйек кемігін трансплантациялауды қажет етеді. Олардың басым бөлігі – балалар.

– Қазір елде 11 700-ге жуық сүйек кемігі доноры бар, бірақ бұл әлі де аз. Қазақстандағы әрбір екі мыңыншы адам донор, ал Германияда әрбір 64-ші, Израильде – әрбір тоғызыншы тұрғын. Қазақстанда донорлар санының аз болуының басты

бауырлар мен жақын туыстар арасында үйлесімділік байқалады.

Елордалық қан орталығының сүйек кемігі донорларының тіркелімі және трансплантацияны дамыту бөлімінің меңгерушісі Анар Байсмаковадің жасушаларын алу және трансплантациялау процесі туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Рәсім алдында донор



себебі – ақпараттың аздығы. Көптеген адамдар өздерінің мүмкіндіктері туралы біле бермейді. Қазақстанда медицинада ғана емес, білім беруде де проблемалар бар, – дейді қор өкілі Темірлан Байсембаев.

Жалпы, сүйек кемігі донорлар тізіліміне 18 жастан 45 жасқа дейінгі, салмағы 50 елден асатын кез келген сау адам кіре алады. Әрине, онкология, В және С гепатиттері, стенокардия, миокард инфарктісі, туберкулез, аутоиммунды аурулары болмауы керек.

Қазіргі таңда уақыт пен технология бір орында тұрмайды. Бұл процедураны донордың қаны арқылы жасауға болады. Кез келген адам сүйек кемігінің доноры бола алады, бірақ туыс емес адам үшін қолайлы донор болу ықтималдығы 10 мыңнан 1 адамды құрайды. Көбіне

медициналық тексеруден өтеді. Бір аптаға ауруханаға жатқызылғаннан кейін, дің жасушалары перифериялық қанға түсуі үшін оны препараттармен ынталандырады. Бесінші-алтыншы күні жасушалар арнайы аппараттың көмегімен жиналады: қан бір тамырдан алынады, сепаратор арқылы өтеді және дің жасушалары жоқ басқа тамырға оралады. Донордың толық қалпына келуі үшін шамамен екі апта қажет. Алынған қанның мөлшері донор мен науқастың дене салмағына байланысты. Балаларға жасушалар аз, ересектерге көбірек қажет. Біз сондай-ақ пациенттің ықтимал асқынулары үшін қордағы жасушаларды аламыз. Донорлыққа қарсы көрсетілімдерге созылмалы аурулар, жүктілік, лактация және 18 жасқа дейінгі жас жатады» дейді Анар Байсмакова.



ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛ – ВАКЦИНАЦИЯ

Адам папилломасы вирусы – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Көбінесе бұл вирус жыл сайын бүкіл әлемде мыңдаған әйелдің өмірін қиятын жатыр мойны обырымен байланысты.

Елорда дәрігерлері АПВ-мен байланысты аурулардың алдын алудың ең сенімді шарасы екпе екеніне сенімді.

Биыл күзден бастап Қазақстанда 11 жастағы қыздар адам папилломасы вирусына қарсы вакцинацияланады. Бұл тақырып қоғамда әлі күнге дейін қызу пікірталас тудырып келеді. Әлеуметтік желі тұтынушыларының басым бөлігі бұл екпе беделдікке әкелуі мүмкін екенін алға тартады. Ал жүргізілген

ірі зерттеулер керісінше, бұл вакцинация беделдіктің алдын алатынын дәлелдеген.

Адам папилломасы вирусына қарсы вакцина 15 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді және әлемнің 125 елінде, соның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстанда жүргізіледі. Жасөспірім қыздар арасында АПВ-ға қарсы вакцинацияның тиімді екендігі дәлелденген. Мамандардың айтуынша, Аустралияда, АҚШ

та вакцинацияның арқасында әйелдер арасында АПВ таралуы 90%-ға төмендеген. Соның арқасында жатыр мойны обыры жоюға болады.

Биыл күзде Денсаулық сақтау министрлігі 11 жастағы 175 мыңға жуық қызды АПВ-ға қарсы вакцинациялауды жоспарлап отыр. Осыған орай елордалық дәрігерлер ата-аналарды вакцинация кезінде қызының болашағы үшін уақытылы дұрыс шешім қабылдауға шақырады.



Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

ПАРИЖ-2024: ҚАРҚЫН ҚАЛАЙ?

Олимпиада ойындары бел ортасынан асты. Төртжылдықтың басты додасына 207 команда қатысып жатса, 71 мемлекеттің спортшысы медальмен жанып алды. 44 елдің спортшысы алтын медальмен жанкүйерлерін қуантты. Әзірге Қытай Халық Республикасының құрама командасы жүзде жинаудан дес бермей келеді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

5 тамыз сағат 12:00-дегі мәліметтер бойынша қытай спортшылары 20 алтын, 15 күміс, 12 қола медаль жинап үлгерді. Бұған дейін өткен Олимпиада турнирінде 18 рет бас жүлдені алған АҚШ командасы оңайлықпен беріспейтіні белгілі. Жеңіл атлеттері мен жүзгіштеріне басымдық беретін америкалықтарда қазірдің өзінде 72 медаль жиынтығы бар. Оның 19-ы – алтын, 26-сы – күміс, 27-і – қола.

Өз елінде жанкүйерлерін жерге қаратпауға күш салатын Франция үздік үштікті түйіндеп тұр. Спорт державасына жататын Аустралия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония, Италия, Нидерланды, Германия спортшыларының қарқыны қатты. Турнирдің байрағы түсірілгенге дейін осы командалар өзара орын алмастырып, үздік ондыққа кіретін құрамаларды анықтайтын шығар.

Жә, өзгелердің жүлдесіне тамсанбай, өзіміздің көрсеткішке тоқталатын болсақ, Қазақстан 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медальмен үздік отыздықты түйіндеп тұр. Біздің құрама команда бұдан төмен болар ма еді, Нариман Құрбановтың күміс медалі болмағанда. Иә, Париж төрінде спорттық гимнас-

тиканың ат снарядындағы жаттығуда 15,443 ұпай жинап, күміс жүлдеге қол жеткізіп, тарихи сәтке куә болдық. Бұл – спорттың осы түрінен Олимпиада ойындарында ел қоржынына түскен алғашқы медаль.

– Нариман Құрбанов жанкүйерлердің үмігін ақтап, Қазақстан қоржынына күміс жүлдені салды. Бұл медаль – осы күнге дейін төгілген тер мен еселі еңбектің өтеуі деп білемін. Қазақстандық спортшылар әлемдік аренада кәсіби шеберлігін көрсетіп жатыр деп мақта-



нышпен айта аламыз. Бұл – Олимпиададағы соңғы жүлдеміз емес екеніне, әлі де Көк туымыз көкте желбірейтініне сенімдімін, – деді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Министр айтқандай, Нариманның күмісі соңғы жүлде емес, әлі екі боксшымыз бар. 80 келіде сынға түскен Нұрбек Оралбай ширек финалда доминикалық боксшы Кристиан Пиналесты 3:2 есебімен ұтып, финалға шықты. 8 тамызда Астана уақыты бойынша сағат 01:50-де украиналық Александр Хижнякпен алтын медальды сарапқа салады. Хижняк қатардағы боксшы емес, Токиодағы күмісін Парижде алтынға алмастыру үшін келген-ді. Ол Олимпиада ойындарын екі рет ұтқан Арлен Лопесті жарыстан шығарды. Біздің Нұрбек жаттықтырушылармен бірге Хижнякты ұтатын тактика ойлас-



тырып, жеңістің жолын табатынына сенеміз. Н.Оралбай артында қалың қазақ елі тұрғанын жақсы біледі, намысты қолдан бермейтіні анық.

Олимпиаданың ширек финалында Назым Қызайбай Колумбия спортшысы Ингрид Валенсияны 4:1 есебімен ұтты. Назым үшін «қола – қолда, алтын – алда». Енді жартылай финалда қытайлық Ву Юмен жұдырықтасады. Боксшымызға сәттілік тілейміз!

Бокс тақырыбы қозғалғанда өзбек боксын тақырыптан тыс қалдырмайтын әдетіміз емес пе?! Ала шапанды көрші елдің спортшылары 1 алтын, 2 қола медальмен 32-орында тұр. Ендігі үміттері – боксшыларында. Біздің Сәкенді ұтқан Хасанбой Дусматов екінші рет Олимпиада чемпионы атауға ниетті. Әрі бұл мақсатын орындауға бір қадам жақындады. 92 келідегі Лазизбек Муллажонов жартылай финалда тәжік боксшысы Давлат Болтаевты ұтты. Одан бөлек, Абдумалик Халокоев, Асаджуха Мұйдинжухаев, Баходир Жалолов сапалы

медаль алуға күш-жігерін салатын болады. Егер өзбек боксшылары кем дегенде екі алтын медаль алса, командалық есепте біздің алдымызды орайтыны анық.

Өзбекстан ғана емес, Қырғызстан тарихи жетістікке жетуге дәмелі. Бүгін айыр қалпақты ағайынның балуандары кілемге көтеріледі. Соңғы екі-үш жылда лайықты қарсылас таппай жүрген. Жоламан Шаршенбеков екі жыл қатарынан әлем чемпионатын ұтты, Азия ойындарын жеңді. Ендігі мақсаты – Олимп шыңы. Жоламанмен бірінші айналымда біздің балуан Айдос Сұлтанғали күреседі. Айдос жеңістің жолын табатынына сенеміз.

Қырғыздар үкілеп отырған Ақжол Махмұдов, Айсұлу Тыныбекова, Айпері Медетқызы кілемде бар күшін сарқып, өз еліне жүлде алып береді. Айтқандай, қырғыз боксшысы Мунарбек Сейитбек уулу тұңғыш рет Олимпиада да медаль алды. Енді сапасы қандай болатыны жартылай финалдағы өнеріне байланысты.

ОЛИМПИДАШЫЛАР ОРАЛДЫ

Кеше үстел теннисі және жүзу спортынан Париж Олимпиадасына қатысқан отандастарымыз оралды.



2024 жылдың басты бәсекесі – Париж Олимпиадасына қатысқан Кирилл Герасименко (үстел теннисі) ел тарихында алғаш рет жеке сыйсатан 1/8 финалға дейін жетті.

– Бұл – мен қатысып жатқан үшінші Олимпиада ойындары. Алғашқыла-

рымен салыстырғанда Париж Олимпиадасындағы көрсеткішім ең үздік болып тіркелді. Жеребе де жақсы түсті. 1/8 финалда Египет спортшысын 2:0 есебімен жеңіп тұрып, есе жібергенім психологиялық жағынан қиынға соқты. Жүлдеге де таласуға

болар еді. Енді ұзақ жаттығудан кейін қайтадан қалыпқа келуге тырысамын. Жеңілісті ұмытуға қанша уақыт кететінін білмедім. Менің Олимпиадаға қатысқаным өзге жастарды жігерлендіруде. Бұйырса, Лос-Анджелес Олимпиадасында командалық бәсекеде өнер көрсету мен үшін үлкен мотивация болар еді, – деді үстел теннисінен ел намысын қорғаған Кирилл Герасименко.

Ал бірінші Олимпиадасында қос жаттығуда өнер көрсетіп, жүзу спорты бойынша сынға түскен астаналық Әділбек Мусин де өз көңіл-күйімен бөлісіп, әсерін айтты.

– Олимпиада – мен қатысқан жарыстардың ішінде ең жоғары деңгейдегі бәсеке. Жауапкершілік пен қобалжу сезілді. Париж Олимпиадасында Қазақстан намысын қорғаған спортшылардың бірі болғаным өте қуаныштымын, – деді ол.

Айта кетейік, Астана қаласы республика бойынша Париж Олимпиадасына ең көп, яғни 12 спортшысын жіберген болатын.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



БАЛАЛАР САЛҒАН КАРТИНА

Ұлттық музейде руханият ошағының 10 жылдығы аясында елорданың көркемсурет мектептері оқушыларының «Балалар және өнер» атты көрмесі ашылды.

Көрменің мақсаты – Астананың көркемсурет мектептері оқушыларының жұмысын көпшілікке таныту, балалардың шығармашылық жетістіктерін көрсету, қоғамды балалар шығармашылығын қолдау мен дамытуға шабыттандыру.

Ашылу салтанатында жас өнерпаздар жиналған қауымға «Жан біткен суреттер» перфомансын ұсынды. Театрландырылған қойылымда қазақ

және әлем классиктерінің картиналарындағы образдар сахналып, көрерменді тәнті етті.

Көрмеге Indigo көркемсурет мектебі, «Арнау» көркемсурет білім беру орталығы және Vivat балалар көркемсурет студиясы шәкірттерінің туындылары қойылды. Экспозиция жалпы саны 300-ден аса туындыдан құралған. Жас суретшілердің туындыларын 10 қыркүйекке дейін тамашалауға болады.

"АБАЙ ЖОЛЫМЕН"

Абайдың шығармаларын мәнерлеп оқу бойынша



БАЙҚАУ

Өтінімдер
3-7 тамызда
ҚАБЫЛДАНҒАДЫ

Бас жүзде

iPhone 15

БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ:

- Астана қаласының тұрғыны болу керек;
- Қатысушылардың жасы 14-тен 34 жасқа дейін (қоса алғанда);
- @Elorda_jastary парақшасына жазылыңыз және белгілеңіз;
- #АбайЖолымен2024 және #ПоПутиАбая2024 хэштегтерін белгілеу керек.
- Абай Құнанбайұлының шығармасын бейне жазбаға мәнерлеп оқу қажет.